



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

күйлерін дарынды композиторлардың шығармаларын оркестр, ансамбль ұжымдары бүгінге дейін өз қалпында орындап келеді. Осы ұлттық өнерімізді насихаттауда Шалқар» ұлттық арнасының атқарып отырған қызметі зор.

«Ағымнан жарылсам» – Мөлдір Жанбаеваның осы хабары арқылы өнер әлеміне өзгеше өрнек салған әнші-сазгерлермен, қаламы қарымды жазушылар мен от ауыз, орақ тілді ақындармен бүкпесіз сырласып, шынайы болмысына қанығамыз. Бұл хабарда бұрын-соңды көпшілік алдында айтылмаған сырларын аша отырып, еркін сұхбат жүргізуді мақсат етеді. «Әр адам - ашылмаған бір әлем» екендігін ескерген хабар авторлары танымал тұлғалардың айтылмаған ішкі сыры, ішкі толғанысы қарапайым тыңдарман үшін қызықты болатыны жiтi түсінгенін әр хабарды тыңдаған саын көзімізді жеткіземіз.

Кез келген елдің ұлттық табиғаты мен болмыс-бітімін айқындайтын дүниесі - оның төлтума мәдениеті. Соның ішінде ән өнерінің алатын орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда «Сал домбыра» хабары «Шалқар» арнасындағы ұлттық музыканы насихаттайтын бірегей жоба болып отыр. Хабар барысында ұлтымыздың ән өнерінің тарихы, сан қырлы табиғаты туралы әңгіме қозғалады. Хабарға дәстүрлі әншілер қатысып, әншілік мектептердің тарихына тоқталады, оның халыққа жету жолы туралы кеңінен баяндайды.

Мәселен «Сал домбыра» хабарында бір ғана «Аңшының әнінде» халықымыздың бекзат болмысын паш ететін көптеген құндылықтар жасырынғанын, онда сері өнер саятшылықтың сипаты мен серілік құрған жастардың махаббатын, сезімін сыпайы түрде бейнеленгені туралы жан-жақты әңгімеледі. Өз кезегінде хабарды жүргізуші көптеген ән мәтіндеріндегі байырғы сөздердің мәні, этимологиясы, онда қамтылған дәстүрлік ұстанымдар мен бүгінгі буын дұрыс түсініп қабылдай алмай жатқан тұстарын да жанды мысалдар арқылы ашып көрсетті. Жастарды мән-мазмұны, мәтіні, әуендік құрылымы өзгерген бүгінгі эстрада немесе шетелдік әндерді емес, төл әндерімізді тыңдап, түсініп, зерделеп өсуге шақырды. Расында қазақ әнінің қадір-қасиетін өзімізбен қатар шетелдік зертеушілер де жоғары бағалаған. Академик В.В.Радлов: «Өз әндерінде қазақтар ертегіде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болатын қорқынышты дүниені дәріптемейді. Қайта ол өз өмірін, өз сезімдері мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі жүрегінде жүрген идеяларды әнге қосады. Тыңдаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан ләззат алады»[1,25-6],-деп пайымдайды. Ал А.Е.Алектров «Қазақ әні» атты мақаласында ән тыңдағын сәтін әсерлене жазады: «... Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып, домбыраның ішегін қаға бастады.... Мына сияқты қарапайым әнге, қарапайым музыкаға қаншама поэзия сиып жатыр. Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен ешуақытта сенбеген болар едім. Егерде мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен есітпеген болсам мен оның ызындаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім»[2,151-6],-дейді.

Шалқар» ұлттық арнасында насихатталып жүрген хабарларда тыңдаған жастар қазақтың ән мен күй өнерінің қадір-қасиеті мен ұлттық бояуын бойға сіңіріп өседі және танымы терең, тағылымы бай болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. Омашев Н.О. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009.
2. Радлов В.В. Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері. – Алматы: 2010.
3. Алекторов А.Е. Историю Оренбургской губернии. – Алматы: 2001.

«ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейітжан Арайлым

esil_erkesi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әйел – ұлтты сақтаушы, себебі ұрпақ тәрбиесі секілді ең жауапты міндетті атқарушы, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетуші. Сондықтан да оларға арналған баспасөздің болуы қай заманда болмасын үлкен жауапкершілік қана емес, қажырлы еңбек пен қоғам талабы болған. Сол секілді әйелдерге арналған сан тақырыптарды арқау ететін бүгінгі журналдардың бірі «Қазақстан әйелдері» журналы екені анық.

«Қазақстан әйелдері» - қоғамдық – саяси, әдеби-көркем журнал. Әйелдер қауымына арналған «Азат әйел» (1925) және «Теңдік» газеттерінен бастау алады. Бұл журнал жайлы «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясында былай делінген: «1926 жылдың қаңтар айынан бастап «Әйел теңдігі» деген атпен журнал болып шыға бастаған. Журнал 1935-1941 жылдары және 1950-1954 жылдары «Сталин жолы», 1955 жылдың қаңтарынан «Қазақстан әйелдері» болып шығады. Негізгі тақырыптары: отбасы берекесі, тұрмыс мәдениетінің өзекті мәселелері, ұрпақ тәрбиесі. Таралымы – 40 мың дана (2003), 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған»[1].

Әйелдерге арналған ең алғашқы газеттерден бастау алатын бүгінгі журнал тарихы туралы әлі де болса толық зерттелмеген. Негізінен, әйелдерге арналған журналдардың шығу себептерін Қ.Аллабергенов былай түсіндіреді: «1920 жылы ҚазАКСР ОАК-нің қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу жөнінде қабылданған декреті жарияланды. Декретте қазақ әйелдерінің еңсесін басқан, адамдық қасиеттен қорлаған т.б. зиянды әдет-ғұрыптарды жою көзделді. Осы декреттің мәнін әйелдерге түсіндіріп, олардың өздерінің бас бостандығы үшін күресуіне көмектесу, әйелдерді қоғам өміріне белсене араластыру үшін ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұлардың жұмысын насихаттайтын әйелдерге арналған баспасөз органын шығару қажеттілігі туды» дей келе, 1925 жылы 5 мамырда Орынборда аптасына 1 рет шығатын аймақтық партия комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің газеті «Теңдік» шыға бастады. Газет редакторы Сара Есова болды. «Теңдіктің» алғашқы санында С.Есованың «Баспасөз күніне» атты мақаласы басылды. 7 нөмірінен соң «Теңдік» газеті 1926 жылы шілде айында журналға айналып, «Әйел теңдігі» деп аталды деген деректерді келтіре кетеді.

Зерттеушілердің сөзіне сенсек, журналда партия тіршілігі бөлімі, дені саудың жаны сау, біздің жұмысымыз, әдебиет бөлімі, кітап сыны, жастар бөлімі, әйелдерге кеңес, өнер-білім үйрену, заң бөлімі, сұрақ-жауаптар, тілшілер бөлімі болды. Журнал алғаш шыға бастағанда редакцияда 2 қызметкер болған. Алғашқы екі жылда әрі хатшы, әрі корректордың жұмысын ҚазПИ студенті Шияп Қожахметов атқарады. Б.Майлин, С.Мұқанов, Р.Сүгіровтер журналдың ыстық-суығына бірдей қатысып, кей нөміріне редакторлық етті. Мысалы, «Теңдіктің» 1925 жылғы 3-нөмірі Б.Майлиннің редакторлығымен шыққан. 1932-1934 жылдары Нұржамал Сәналиева, 1934-1935 жылдары Нағима Арықовалар «Әйел теңдігінің» редакторы болды. 1933 жылы журналдың жауапты хатшысы Мәриям Хакімжанова болған.

Айта кетерлік жайт, қазіргі таралымы зор болғанымен, ең алғаш шыға бастағанда біршама қиындықтарға тап болған. Себебі, журнал әйелдерге арналып шыққанымен, сауатты әйелдердің саны аз болғандығын да ұмытпағанымыз абзал. Бұл жайлы тағы да Қ.Аллабергеновтің сөзін дәлел ретінде келтіре кетуге болады: «1925-1927 жылдары сауатты қазақ әйелдері аз болғандықтан, журнал тарату мәселесі қиындықпен шешіліп жүрді. Сондықтан 1000,1500 дана үлкен тираж болды. Осындай жағдайларға байланысты алғашқы жылдары журнал 2-3 мың данамен шыққан. Алайда, өлкелік партия комитеті журналдың шығуына қатты назар аударған. 1928 жылы «Әйел теңдігі» алыс ауылдардағы қазақ әйелдерінің арасына тарату жөнінде арнайы мәдениет жорығын ұйымдастырды. Журнал тиражы жылма жыл өсіп отырды. Бірінші саны 500 данамен шыққан «Әйел теңдігі» 1925-1926 жылдары - 3000, 1935 жылдары – 10000-ға жетті. Семей, Ташкент, Орал, Қызылжар, Шымкентте және т.б. қалаларда журнал жазушылары мен журнал тарататын агенттіктер

болған[2]. 1980 жылдардың аяғында таралымы 430 мыңнан астам дананы құрады. Қазіргі таңда 11 мыңнан астам дананы құрайды.

«Әйел теңдігінің» шығуы туралы басқа да деректерге тоқтала кетсек, ол жайлы Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 2 томында да аз да болса мынандай деректер айтылыпты: “Әйел теңдігі” — қазақ әйелдеріне арналған қоғамдық-саяси журнал. Ол бастапқы кезде, 1925 жылы 5 мамырда өлкелік партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің газеті ретінде “Теңдік” деген атпен Орынбор қаласында шыққан. Редакторы — С. Есова. Кейіннен журналға Нұржамал Сәнәлиева (1932 — 1934), Н. Арықова (1934 — 1935) басшылық етті. Мақсаты — Қазақстан автономиялы республикасы ОАК-нің 1920 жылы қабылдаған қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу туралы декретін бұқараға түсіндіру, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуын насихаттау болды. 7 нөмірі жарық көрген соң, 1926 жылы шілде айынан “Теңдік” газеті журналға айналып, “Әйел теңдігі” аталды. Журналдың партия тіршілігі, әдебиет, кітап сыны, өнер-білім үйрену, заң, сұрақ-жауаптар, тілшілер, т.б. бөлімдері болды»[3].

Әйелдердің қайраткерлік жолы мен қаламгерлігі туралы зерттеген Л.Ахметова болса журналдың шығуы туралы берген мәліметін толықтау әрі дәлелді деуге болады. Себебі ол «Еңбекші қазақ» газетіне қосымша болып шыға бастаған газет 7 нөмірінен соң Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшкеннен кейін 1926 жылдан бастап айына 1 рет шығатын «Әйел теңдігі» журналына айналды дейді. Сонымен қатар «Жетісу әйелі» журналын айта келе, оны «Қазақстан әйелдері» журналының тарихы содан басталады дей алмаймыз деп дәлелдер келтіре кетеді де, «Қазақстан әйелдері» журналының тарихы «Азат әйелден» басталады дейді[4].

«Әйел теңдігі» журналының алғаш шыға бастағанына «Жас қайрат» журналы құттықтау сөз жариялағаны белгілі. Ал жақында шыққан Н.Омашевтың «Жиырмамыншы жылдар журналистикасы» кітабында «Теңдік» атты мақала да біз талдап отырған «Қазақстан әйелдері» журналының тарихынан сыр шертіп тұрғандай. Мақала «Аймақтық партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің атынан «Теңдік» атты газеттің бірінші нөмірі баспасөз күніне арналып шықты», - деп басталған. Сонымен қатар оның мазмұны туралы да деректер келтірілген: «Газеттің көлемі шағын, баспасы өте таза. Бірінші нөмірі 3 мың дана болып шыққан. Жазылған мақалалар, ел арасынан алынған хабарлар – бәрі де әйелдер тұрмысынан» делінген. Сондай-ақ мекенжайы келтіріліп, алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп жазған[5, 206 б].

Жоғарыда журналдың алғашқы редакторы – Қазақстанның қоғам қайраткері, редакторлар мен журналистер арасындағы тұңғыш әйел, Қызыл киіз үйлер мен сенбіліктердің ұйымдастырушысы Сара Есова (1925-1932 ж.)болғанын айтып кеттік. Енді осы уақытқа дейінгі редакторларының хронологиялық тізбегін жасап көрсек, төмендегідей тізім аламыз:

1925-1932 – Сара Есова
1932-1934 – Нұржамал Саналиева
1934-1937 – Нағима Арықова
1937-1940 – Мариям Бектембекова
1949-1951 – Хасиба Сейтқазиева
1951-1980 – Әтина Жәкетова
1980-1988 – Мария Қарақунақова
1988- бүгінгі күнге дейін Алтыншаш Жағанова

Алғашқы қадамы осылай басталған «Қазақстан әйелдері» журналы бүгінгі күні 90 жасқа келген үлкен тарихы бар мектепке айналды. Оның мазмұндық өзгешелігі де тарихтың әр кезеңінде өзгеріп отырып, құрылымы эволюциялық жолды бастан өткерді. Қазіргі таңда жалпы әйелдерге арналған басылым саналатын журналдың ауқымы кең, мазмұны терең, бағыты айқын. Осы ретте оның аудиториясының өте ауқымды екенін ескере отырып, зерттеуші В.В.Боннер-Смеюхейдің монографиялық еңбегіне көз жүгірткеніміз абзал деп ойлаймын. В.В.Боннер-Смеюхей әйелдер журналын бірнеше типтерге бөлген екен:

1. Отбасылық-тұрмыстық журналдар, олар әйел өмірінің кез-келген саласын қамтиды дейді. Айдарлары махаббат, отбасы, тұрмыс, үй шаруасы, бала тәрбиесі, сұлулық, т.б. болуы мүмкін деп айта кетеді.

2. Элитралы – жоғары тап өмірі туралы жазылған журналдар, олар да әйелдерге бағытталады, дегенмен мазмұны өзгеше әрі аудиториясы да орта немесе жоғары табысты әйелдер деп көрсетіпті.

3. Қыздарға арналған журналдар, яғни жас ерекшеліктерін ескере отырып тек қана жас қыздарға, тұрмыс құрмағандарға бағытталады дейді[6]. Енді осы берілген типтеуге байланысты «Қазақстан әйелдерін» қарастырып көрсек, біздің еліміздегі әйелдер журналын шығарудағы ерекшелік бірден көзге түседі. Мысалы, «Қазақстан әйелдері» журналының мынандай айдарлары бар: «Пайдалы кеңестер», «Бойдақтар», «Жан-дауа», «Жыр дәптер», «Зерде», «Ойталқы», «Тәрбие әліппесі», «Ұлттық дәстүр ұлағаты», «Жұлдыз жорамал». Көріп отырғанымыздай, шығарылуына байланысты журнал мазмұны әртүрлі болып отырған, әрі айдарына орай өзінің аудиториясын да жас ерекшеліктеріне бөлген. Демек, жалпы әйелдер қауымына бағытталады, әрі кез келген әйел заты журналдан өзіне қажетін ала алады.

Жоғарыдағы жіктеуге келер болсақ, әр әйелдер журналының түріне қарай айдарларының да өзгеше болып отырғандығын байқаймыз. Ал «Қазақстан әйелдері» қазіргі кейпінен де дамып, өзінің ішінен жас ерекшелігіне қарай немесе қоғамдағы әйелдердің орны мен қызметіне қарай салалы журналдар шығарады деген ойдамын. Себебі алғашқы жылдары шыққанда журналдың мақсаты көп әйел алуға, қалың мал беруге тыйым салу, қазақ әйелдерінің қоғам өміріндегі еркіндігі туралы халыққа насихаттау және түсіндіру болды. Ал кейіннен журнал көп жоспарлы болып саяси астарсыз және әйел жұртшылығы арасында үлкен қолданысқа ие болды. Отбасылық толық түсті журнал, оның ерекше шынайы және оқырмандармен сенімді тілдесу стилі жылдан - жылға жинала бастады. Жүз мыңдаған отбасы ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі түрде жазылып отырды.

Бүгінде басылым өзінің әйел оқырмандарына танымал тұлғалармен өмірдегі өзекті мәселелер тақырыбындағы, сән үлгілері, денсаулық, аспаздық, отбасындағы қарым-қатынас жайлы және түрлі психологиялық кеңестер мен басқа да көптеген қарапайым және ашық сұхбаттарды ұсынады.

Кеңес заманынан бастау алып, Қазақстанның тәуелсіздік алуына куә болған, әр заманның әйелдерінің тұрмыс-тіршілігінің айнасы болған тарих беттері «Қазақстан әйелдері» журналы ғылыми тұрғыда терең зерттеліп, заман талаптарына сай өзгеріп отырады деген сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж., V том
2. Аллаберген, Қ. М. Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихы (1870-2010 жылдар) : оқу құралы
3. Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж., 2 том
4. Л.Ахметова Қарлығаш қаламдастар. Алматы, 1993 ж.
5. Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014
6. В.В.Боннер-Смеюхей Отечественные женские журналы XX века: история развития и типология. Монография. – М.: Лазурь, 2008.

УДК 19.11.15.89

ВЛИЯНИЕ СМИ НА ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ

Суворова Алина Юрьевна
alinka_ne_@mail.ru